



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№13 (2016) 30 НАУРЫЗ 2026 ЖЫЛ

Президент баяндамасындағы басым бағыттар талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Farabi hub инновациялық орталығында Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың ғылыми және академиялық зиялы қауым өкілдерімен салтанатты кездесуі өтті.




тегиялық баяндамасындағы басым бағыттарды талқылай отырып, ҚазҰУ басшысы Президенттің мына сөзіне баса назар аударды: «Біз Қазақстанда тура мағынасында сана революциясын жасауымыз керек. Университеттер білімді, парасатты, елдің келешегі үшін жауапкершілік арқалай алатын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеуде ай-

рықша рөл атқарады. Қазіргі құбылмалы әлемде білім маңызды өндірістік күшке айналды».

Ректор бүгінде ҚазҰУ-ды 30 мың студенті, оның ішінде 7 мың шетелдік білім алушысы бар алып механизмге, үлкен «білім зауытына» теңеді. Қазіргі таңда жатақханалар салу, ғылыми орталықтарды жаңғырту және жаңа технологияларды игеру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын айта келе, бәсеке заманында оқу орнының мәртебесін биіктету әрбір қызметкердің парызы екенін қадап айтты.

Кездесу аясында салтанатты марапаттау рәсімі болды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар қызметкерлер жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Көшбасшы мәртебесін кезекті рет растады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS World University Rankings by Subject 2026 беделді пәндік рейтингі нәтижелері бойынша еліміздің жоғары оқу орындары арасында көшбасшы мәртебесін кезекті рет растады.

Университет жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігіндегі өз ауқымын айтарлықтай кеңейтіп, көрсеткіштердің сапалық өсуі арқылы отандық жоғары білім беру саласының флагманы екенін тағы да дәлелдеді.

Қара шаңырақ пәндік рейтингтердегі позициялар саны бойынша Қазақстан жоғары оқу орындарының тізімін бастап тұр. Биыл университет ресми түрде 4 салалық және 23 пәндік QS рейтингіне енді. Бұл – республика бойынша ең үздік көрсеткіш.

Ағымдағы жылғы рейтинг нәтижелері университеттің тұрақты алға жылжуын көрсетті. Атап айтқанда ҚазҰУ 10 пәндік бағыт бойынша өз позициясын жақсартып, тағы 6 бағытта алғаш рет рейтингке енді. Ең маңызды жетістіктердің бірі – «Мұнай-газ инженериясы» мамандығының табысты қадамы. Бұл бағыт бірден 101-150 тобына кіріп, әлемдегі үздік білім беру бағдарламаларының қатарына қосылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымын кезекті халықаралық жетістіктерімен құттықтаймыз!

Қытай – Орталық Азия баспа орталығы ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қытай – Орталық Азия баспа орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

ауқымды шара аясында ұйымдастырылды. Жаңа орталық кітап шығару, аударма жұмыстарын дамыту, халықаралық ғылыми ресурстармен алмасу және «мемлекет – университет – бизнес – индустрия – медиа» форматындағы стратегиялық серіктестікті нығайту үшін бірегей платформа ретінде қызмет етеді.

Алқалы жиынға ҚазҰУ-дың Бас-

қарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласындағы ҚХР бас консулы Су Фанцю, Сиань Цзяотун университетінің вице-президенті Цай Вэй, аталған университет баспасының директоры Ли Чжун, Орталық мемлекеттік архивтің директоры Сәбит Шілдебай қатысты.

Жалғасы 2-бетте



Тұсаукесер «Ұлы Жібек жолының кітап мәдениеті: өркениеттер диалогы – Қытай – Орталық Азия баспа орталығын іске қосу» атты

2-бет

Жаңа имидждік дүкен өз жұмысын бастады



3-бет

Константин ЖИГАЛОВ:
Дипломатия – это искусство находить компромиссы



4-бет

Қандастарды қанаттандырған ҚазҰУ





Қытай – Орталық Азия баспа орталығы ашылды

Басы 1-бетте

Сондай-ақ шараға Сиань Цзяотун университетінің жетекші профессорлары, халықаралық бөлім мамандары мен баспа ісінің білікті сарапшылары, дипломатиялық корпус өкілдері мен белгілі ғалымдар жиналды.

Салтанатты рәсімде сөз алған ректор Жансейіт Түймебаев бұл орталықтың заманауи ғылым мен білім саласындағы «алтын дінгекке» айналатынын атап өтті. «Бұл бастама мемлекеттеріміз арасындағы достық пен ынтымақтастықтың өрісін бұрынғыдан да кеңейте түспек. Орталықтың қызметі бірнеше стратегиялық бағытты қамтиды. Біріншіден, Қытай мен Орталық Азия елдерінің ғылыми және әдеби туындыларын өзара аударып, жариялауға мүмкіндік туады. Екіншіден, бірлескен академиялық зерттеулерді жандандырып, ғылыми басылымдарды дамыту көзделген. Үшіншіден, жас ғалымдар, аудармашылар мен баспа мамандары үшін жаңа кәсіби мүмкіндіктерге жол ашылады», – деді ректор.

Өз кезегінде ҚХР бас консулы Су Фанцю орталықтың гуманитарлық алмасуды тереңдетудегі рөлін жоғары бағалады. «Қазақстан мен Қытай

арасындағы достық қарым-қатынас күн санап дамып келеді. Қос мемлекет ғылым, экономика, білім және өзге де бағытта әріптестік орнатып, ортақ жобаларды іске асыруда. Соның ішінде мәдениет пен білім саласы ерекше рөл атқарады. Бүгінгі ҚазҰУ базасында іске қосылып жатқан баспа орталығы екі мемлекеттің өркениеті мен мәдениетін, білім саласын одан әрі нығайтуға септігін тигізеді деп сенемін», – деді бас консул.

Жиында «Президент Тоқаев және Қытай», «Әл-Фарабидің философиялық еңбектер сериясын» қытай тіліне аудару және басып шығару туралы маңызды келісімдерге қол қойылды.

Сондай-ақ «Қазақ университеті» баспа үйі мен Қытай – Орталық Азия баспа орталығының алғашқы бірлескен жобасы – «Траншекаралық өзендерді халықаралық құқықтық реттеу» атты үш тілді монографиясының тұсауы кесілді.

Шара соңында Сиань Цзяотун университетінің делегациясы оқу орнының Фараби кітапхана қорына құнды басылымдарды тарту етіп, халықаралық ынтымақтастықтың алдағы басым бағыттарын нақтылады.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Ректор Түркі әлемі географтарының конгресіне қатысты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев бастаған делегация Өзбекстанның Бұхара қаласында өткен Түркі әлемі географтарының III конгресіне қатысты.



Халықаралық ғылыми форум түркі елдері арасындағы ғылым, білім және мәдениет салаларындағы әріптестік байланысты нығайтудың маңызды алаңына айналды.

Конгресс жұмысына Өзбекстан Республикасының мектепке дейінгі және мектеп білім беру министрі Эзозахон Каримова, Бұхара мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Баходир Мамуров, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің төрағасы Мухитин Шимшек, Өзбекстан ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Хилола Умарова, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Қазақстан мен Өзбекстанның ғалым-сарапшылары жиналды. Сондай-ақ ҚазҰУ

профессорлары Амангелді Темірбеков, Ұлжалғас Есназарова, Мәулкен Асқарова, Гүлнара Нұрмұхамедқызы, Айгүл Тоқбергенова, Тұрсынғұл Базарбаева қатысты.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасап, 2025 жылы Түркі әлемі географтарының II конгресі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұйымдастырылғанын жеткізді. Оған түркі елдерінен келген 150-ден астам ғалым жиналған еді.

«Қазіргі әлемде геосаяси тұрақсыздық, жаһандық экономикалық өзгерістер, климаттық дағдарыс, су және азық-түлік қауіпсіздігі, көші-қон, урбандалу үдерістерінің

күшеюі мемлекеттер алдында жаңа сын-қатерлер туындауда. Осындай күрделі кезеңде география ғылымының орны ерекше. Себебі география – кеңістіктік дамуды, табиғи ресурстарды басқаруды, өңірлік қауіпсіздікті, экологиялық тепе-теңдікті және тұрақты болашақты ғылыми тұрғыдан негіздейтін аса маңызды ғылым. Сондай-ақ түркітілдес елдер арасындағы білім мен ғылым байланысын жаңа деңгейге көтеру үшін Түркітілдес елдердің желілік университетін құру бастамасы маңызды деп санаймын. Бұл ортақ білім беру бағдарламаларын дамытуға, академиялық ұтқырлықты кеңейтуге және жас ғалымдарды қолдауға жол ашады», – деді ректор.

Конгресс барысында қатысушылар өздерінің ұсыныс-пікірлерін жеткізіп, ортақ жобаларды бірлесіп іске асыруға дайын екендіктерін айтты.

Іс-шара аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Бұхара мемлекеттік педагогикалық институты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат ғылым, білім, академиялық ұтқырлық және бірлескен жобаларды жүзеге асыру салаларындағы серіктестік байланыстары дамытуға бағытталған.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Жаңа имидждік дүкен өз жұмысын бастады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Наурыз мерекесі аясында университет брендингін дамытуға арналған жаңа имидждік дүкен өз жұмысын бастады. Бұл бастама оқу орнының корпоративтік мәдениетін нығайтып, студенттер мен оқытушыларды ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіруді көздейді.

Дүкен сөрелерінде университет логотипі бейнеленген түрлі өнімдер ұсынылған. Олардың қатарында жейделер, худилер, бас киімдер, сөмкелер, күнделіктер, қаламдар және өзге де кәдесыйлар бар. Барлық тауарлар заманауи дизайнға әзірленіп, сапалы ма-



териалдардан жасалған. Бұл өнімдер күнделікті қолданысқа ыңғайлы болумен қатар, студенттердің өз оқу орнына деген мақтанш сезімін білдіруге мүмкіндік береді.

Имидждік өнімдер университет қонақтары, серіктестер

мен талапкерлер үшін де арнайы сыйлық ретінде ұсынылады. Сонымен бірге ҚазҰУ қалашығына келген әрбір қонақ оқу ордасының ерекше атмосферасын еске салатын естелік бұйымдарды сатып ала алады.

Бұл жоба ҚазҰУ-дың заманауи, ашық әрі креативті имиджін айқындап, оның танымалдылығын арттыруға бағытталған.

Әйгерім ӘЛІМБЕК





В КазНУ имени аль-Фараби состоялась встреча с государственным и общественным деятелем, известным дипломатом, чрезвычайным и полномочным послом Константином Жигаловым. Почетный гость, являющийся выпускником исторического факультета КазНУ 1981 года, выступил с лидерской лекцией перед профессорско-преподавательским составом и студентами. Мероприятие началось с приветственного слова Председателя Правления – Ректора КазНУ имени аль-Фараби Жансеита Түймебаева. Обращаясь к гостю, ректор отметил важность подобных встреч для воспитания нового поколения лидеров. В знак признания заслуг Константин Жигалов был удостоен золотой медали «Аль-Фараби» и копий своих архивных студенческих документов. Этот момент стал символом преемственности поколений и верности университетским традициям.

У истоков стратегических изменений в нашей стране всегда стояли люди, преданные своему делу. Одним из таких выдающихся деятелей является Константин Васильевич Жигалов. Он имеет богатый опыт работы на должности заместителя министра иностранных дел и помощника Президента РК. Жигалов К.В. также занимал пост чрезвычайного и полномочного посла Республики Казахстан в Великобритании, Польше, Бельгии, Люксембурге, Нидерландах и других странах. Кроме того, он возглавлял представительство РК при Европейском союзе и НАТО. За свои заслуги в государственной и дипломатической деятельности он был удостоен ордена «Достық» II степени и получил государственные награды от нескольких стран.

Константин ЖИГАЛОВ, ДИПЛОМАТ:

Дипломатия – это искусство находить компромиссы

«Мне очень приятно находиться в своем альма-матер и особенно приятно, что в прошлом году мы вместе с вашим уважаемым ректором отметили 50 лет как мы поступили в этот университет. Поэтому мы с Жансеитом Кансеитовичем друг друга знаем в течение 50 лет», – начал свое выступление Константин Жигалов. Поблагодарив за теплый прием, он рассказал о том, что с ректором КазНУ его связывают узы дружбы, общая студенческая юность и работа в международном строительно-отряде. В живой, занимательной форме лектор рассказал о своем профессиональном пути, охватывающем более четырех десятилетий.

– Мы живём на стыке эпох, что всегда связано с ответственностью и трудностями. Вспомните китайскую поговорку: «Упаси бог жить в эпоху перемен». В нашей стране такой период начался в конце 80-х и продолжился в 90-е годы. С 1988 по 1991 годы я работал в Центральном комитете Коммунистической партии Казахстана. Это было непростое время, когда приходилось искать новые пути. Уже тогда стало ясно, что однопартийная система не справляется со своими задачами.

В сентябре 1991 года состоялся последний съезд правящей партии страны. На нём было решено внести изменения. В оргкомитет вошли девять молодых людей, среди которых был и я, занимавший должность заместителя председателя. Мне выпала честь председательствовать на последнем съезде Коммунистической партии, что стало заключительным аккордом этой эпохи. Нам пришлось вывести Коммунистическую партию Казахстана из состава КПСС, что сопровождалось аплодисментами зала. Мы создавали новую партию социал-демократического направления, с уставом и программой, что в то время было настоящей революцией. Проведение этого съезда было крайне сложной задачей. Это был момент обретения нашей независимости, когда мы отошли от коммунистической партии СССР и начали формировать свои политические структуры.

В начале независимости я работал помощником Президента Республики Казахстан. Мне посчастливилось участвовать в первых крупных международных мероприятиях нашей независимой страны. Это были первые визиты нашего Президента в Великобританию,

где он встретился с мировыми лидерами, такими как Маргарет Тэтчер, Гельмут Коль, Франсуа Миттеран и другими. Я также присутствовал на этих встречах. Это было невероятно интересно. Наша первая поездка в Европу состоялась в июле 1992 года, когда мы участвовали в Совете безопасности и сотрудничестве. В нашей делегации было всего шесть человек, – рассказал Константин Жигалов исторические события тех лет.

Он поделился уникальным опытом участия в самых важных международных событиях, таких как, Давосский экономический форум в январе 1992 года, первых выступлениях Президента независимого Казахстана в ООН, открытии посольств в разных странах, включая Великобританию. Дипломат рассказал также о специфике представления интересов Казахстана в Европейском союзе и НАТО.

– После у нас было установление дипломатической службы. В 1993 году с помощью Президента мне доверили стать заместителем министра иностранных дел. Из нашего небольшого коллектива выросло наше Министерство иностранных дел. Тогда у нас было два маленьких здания по улице Мира, она тогда так называлась, мы ютились в этих зданиях, но было очень интересно. Первые визиты Президента в зарубеж, когда не было выездных групп, выезжал один человек, потом два, три или пять человек. И мы им готовили дипломатические визы. Это было очень ответственно, так как это были первые шаги на международной арене, нам надо было себя зарекомендовать.

Потом мы начали открывать посольства в разных странах. Мне довелось участвовать в открытии посольства в Великобритании и проработать там пять лет. А потом была большая биография за рубежом в качестве посла в Польше, в Брюсселе – это точка, где я не только являюсь послом на двухсторонней основе, а также на международных организациях, как Евросоюз и НАТО.

Затем была поездка на шесть лет в качестве посла в Канаду. До этого всегда отвечал за европейское направление и первый раз соприкоснулся с направлением американским. Канада, вы знаете, по территории вторая страна в мире. Три Казахстана по территории занимает. Тогда у нас послы были не везде, по совместительству являлись послами в одной в другой стране. Вот у меня вместе с Канадой был послом также на Кубе, Ямайке, Доминиканской Республике, в принципе курировал весь Карибский бассейн, особенно тогда, когда мы изо всех сил боролись за то, чтобы стать членами совета безопасности в ООН. Это была огромнейшая работа.

Между Брюсселем и Канадой у меня была большая ответственность, я снова стал заместителем министра иностранных дел и отвечал за наше председательство в Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ). Здесь должен вам сказать, что первый и единственный саммит в этом веке проходил в Казахстане, первый единственный документ такого уровня был принят на саммите в Казахстане. Вам есть чем гордиться, когда говорите о нашей внешней политике.

Могу рассказать отдельные эпизоды про ОБСЕ. В этой организации, когда там было 56 членов и 12 наблюдателей, всё принимается консенсусом. Это не так, когда решение принимает большинство. За документ должны проголосовать все страны. Если вы вспомните 2010 год, то это после 2008 года были резкие радикальные отношения между Россией и Грузией. В это время были очень сложные отношения между Азербайджаном и Арменией. В это время по вопросам прав человека все центральноазиатские и многие кавказские государства резко критиковали. И мы тогда сумели принять документ, который принимается консенсусом. Здесь нужно было найти точку опоры, когда вы являетесь дипломатом.

Для того чтобы принять

такой большой, разноплановый документ, нужно иметь точки опоры, которые помогут тебе такой документ принять. Мы должны были его принять в 12 часов дня, а приняли его в 1.00 ночи следующего дня. То есть 13 часов шло обсуждение. Нужно было выбрать такие ключевые фигуры, которые могут помочь. Для меня это были Хилл Гордон, который был в это время правой рукой Хиллари Клинтон, американцы, европейцы. Тогда это направление возглавляла Хельга Шмидт, которую я хорошо знал по Брюсселю, потому что с ней очень часто встречался. Поэтому мне легко было с ней работать на нашем саммите. Это были россияне в виде Грушко, заместителя министра иностранных дел, который и сейчас является заместителем министра, и Воронкова Владимира, который был шефом департамента соответствующего, а сейчас он заместитель секретаря ООН. Его также я давно знал, и, имея такие точки опоры, мы сумели скоординировать все так, как надо. В итоге документ был принят единогласно. Это сносшибательный был успех, – поделился опытом дипломат, который стоял у истоков казахстанской внешней службы.

Константин Васильевич обратился к молодёжи с наставлениями, подчеркнув важность контактов для дипломата и их роль в разрешении сложных международных вопросов, где необходимо находить точки соприкосновения. Он также поделился историями из своей дипломатической практики.

– Хочу вам сказать, как будущим дипломатам, что любого дипломата, тем более посла, делают именно контакты. Если у вас нет контактов, вы как дипломат не состоите. Могу привести один пример, в 2006 году, будучи послом в Брюсселе, встречаю борт с Президентом. Когда ко мне поступил звонок с самолета, я находился в аэропорту. Тогда у нас уже были средства связи в самолете. Звонит министр иностранных дел Касым-Жомарт Кемелович Токаев и гово-

рит: «Мы с Президентом свежим глазом посмотрели на документ и полагаем, что вот этот пункт «...» мы никак принять не можем».

А это ключевой документ, который мы подписываем с Европейским Союзом. Вот что значит контакты? Работая там уже четвертый год, я знал человека в структурах руководства Европейского Союза, которому тут же позвонил, набрав номер его телефона, и сообщил, что только что переговорил с руководством, если вы этот пункт не снимете или не отредактируете в той редакции, которой нам нужна, документ мы подписывать не будем. Он попросил дать 5-10 минут времени. И к приезду нашей делегации сумел доложить, что документ будет приниматься в том виде, в котором руководство Казахстана его одобрило. Понимаете, это такие моменты, такие результаты в работе, они как раз соответствуют тому уровню, который человек нарабатывает за то или иное время. Такие дела за 5 минут не делаются, это нарабатывается годами.

Для меня большая честь вернуться в альма-матер и поделиться знаниями с будущими специалистами. Дипломатия – это искусство находить компромиссы и выстраивать мосты даже в самых сложных ситуациях. С приходом нового министра, выпускника нашего университета Еркема Кошербаева, истинно интеллектуальную работу МИД очень серьезным образом внедряется. Без него сейчас не обойтись на самых разных направлениях. Но, я считаю, что хорошо было бы предостеречь вас как студентов от того, чтобы вы не дорабатывали головой, пользуясь данными ИИ, во-вторых, вы от того, чтобы вы всегда верили тому, что говорит ИИ. Помните, что современную информацию ИИ черпает из интернета, поэтому ответы вам поступают часто неправильно. Но это уже настоящие тенденции мирового развития ИИ, что мы должны выжать максимум возможного из того, что можно поставить ИИ на службу государства, в том числе в системе международных отношений, – подытожил лидерскую лекцию известный дипломат.

Встреча завершилась содержательным общением лектора с аудиторией в формате «вопрос – ответ», в котором активное участие приняли студенты и преподаватели факультета международных отношений.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Қазақстанда қандастар, оралмандар немесе қазақ диаспорасы деген феномен ел тәуелсіздігімен бірге қалыптасқан қоғамдық құбылыс. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елге оралған этникалық қазақ жастары жоғары оқу орындары мен ғылым академияларына келген еді. Бұл мекемелердің басшылары, үлкен парасат иелері алыс-жақыннан келген қандастарды құшақ жая қарсы алды. Олардың кейбіреуін аспирант, кейбіреуін ізденуші, тағы біреуін оқытушы немесе ғылыми қызметкер ретінде қабылдап, жатақхана беріп, шәкіртақы мен жалақы тағайындады. Сөйтіп, олардың қоғамға тезірек сіңісуіне қолайлы жағдай жасады. Қазіргі таңда елімізде қандастарды қабылдау және білім беру жүйесі кемелденді, олардың өз талантын көрсетуіне барлық шарт-жағдай жасалды. Соның нәтижесінде қандас жастардың арасынан отандық ғылымға зор үлес қосып жатқан жетекші ғалымдар көбейді. Бүгін біз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім беріп қанаттандырып, ғылымның зеңгір көгіне ұшырған қандас ғалымдардың бірнешеуін ғана таныстыруды жөн көріп отырмыз.

торы, бірнеше Web of Science және Scopus дерекқорына кіретін басылымдардың рецензенті. 2004 жылдан биология ғылымының профессоры қызметін атқарып келеді. Қазірге дейін оның ғылыми мақалаларының 55-і Scopus базасында, 42-сі және 8 тезис Web of Science жүйесіндегі халықаралық журналдарда, 15-і ҚР БЖҒМ БҒС БК ұсынған журналдарда жарияланды, 2 монографиясы баспадан шықты.

Профессор Ә.Ыдырысұлы

сонымен қатар университет жанынан құрылған Төмен биіктік экономикасы индустриялық орталығының директоры қызметін қоса атқарады. «Жасанды интеллектті қолдану арқылы Қазақстан әйелдері сүт безі обырынан ерте анықтау» сияқты 4 жобаға жетекшілік етті. «Класикалық (GPU) және кванттық есептеулер негізінде мұнайды ығыстыру есептерін шешуге арналған жоғары өнімді гибриді алгоритмдерді өзірлеу» секілді 8 жобаны орындады.

Б.Мәткерімқызы Ұлыбритания, Ресей, Португалия, Швейцария, Қытайдың ғылыми-зерттеу институттарында әріптестерімен бірлесіп зерттеу жүргізіп, тәжірибе алмасып отырады. Соңғы бес жылда оның 8 мақаласы SCOPUS жүйесінде, 4 мақаласы ҚР БЖҒМ БҒС БК ұсынған журналдарда жарияланды.

Қандастарды қанаттандырған ҚазҰУ



Жанар ЖЕҢІС. 1976 жылы Қытайда дүниеге келген. 1999 жылы Шыңжаң университеті Химия және химиялық инженерия институтының «Қолданбалы химия» мамандығын үздік бітіріп, сол институтқа оқытушы қызметіне орналасы. 2004 жылы ҚазҰУ-дың «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша магистратураға түсіп, 2006 жылы қызыл дипломмен бітіріп, докторантурада оқыды. 2009 жылы «Органикалық заттардың химиясы, катализ және өсімдіктер химиясы» мамандығы бойынша PhD доктор дәрежесін қорғады. 2015 жылы химия және химиялық технология факультетінің доценті, 2018 жылдан профессор, 2019 жылдан университет жанындағы Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметін атқарып келеді.

Жанардың жетекшілігімен «Қазақстанның дәрілік өсімдік ресурстарынан табиғи биологиялық белсенді заттардың құрамын химиялық және фармакологиялық зерттеулер» сияқты 9 гранттық жоба орындалды. Сондай-ақ ол «Тұмау вирусына қарсы әлеуетті ботаникалық формула» қатарлы 7 халықаралық жобаға жетекшілік етті және 2 жобаның атқарушысы болды.

Жанар 150-ден астам ғылыми еңбек жариялады. Оның көбі Scopus жүйесіндегі жоғары импакті журналдарында, ҚР БЖҒМ БҒС БК ұсынған журналдарда жарық көрді, 7 кітабы баспадан шықты, 12 патент алды.

2022 жылы ҚазҰУ-да өсімдік негізіндегі өнімдерді өндіруге арналған шағын кәсіпорын іске қосылды. 2022 және 2024 жылдары мемлекеттік тіркеуге «TKM-Immuno», «JPlant-Immuno» және «JPlant-Vita» биологиялық белсенді қоспаларын сәтті тіркеп, куәлік алды.

Профессор Ж.Жеңісқызы шетелге шақырылған зерттеуші ретінде Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея елдеріндегі танымал зерттеу институттарына барып, әріптестерімен бірлесіп ғылыми зерттеулер жүргізіп келді. Қазіргі таңда ол ел ішінде және халықаралық танылған жетекші ғалым. Америкалық фармакогнозия қоғамы (ASP) сияқты бес бірдей



халықаралық техникалық консультативтік ғылыми қауымдастықтың мүшесі.

Жанар Жеңісқызының ғылымдағы ерен еңбектері ескеріліп, Қазақстан Президентінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен, сондай-ақ министрлік пен университеттің көптеген медальдарымен марапатталды.



Әлібек ЫДЫРЫС. 1985 жылы Қытайда өмір есігін ашқан. 2006-10 жылдары ҚазҰУ-дың «Биология» мамандығын оқып, сондай-ақ оны қызыл дипломмен бітірді. 2010 жылы

«Геоботаника» мамандығы бойынша магистратураны бітірді. 2012-15 жылдары «Геоботаника» мамандығы бойынша докторантурада оқыды. Оқуын аяқтаған жылы PhD доктор ғылыми дәрежесін қорғады.

2016-20 жылдары ҚазҰУ-дың Биофизика және биомедицина кафедрасының ғылым жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2020 жылы Президенттік жастар кадр резервіне өтіп, Биомедицина ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметіне тағайындалды. 2022-23 жылдары Джордж Вашингтон университетінің (George Washington university) Эллиотт халықаралық қатынастар мектебінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдаманд өтті.

2022-24 жылдарға арналған AP13067924 жобаның және 2024-26 жылдарға белгіленген AP23484931 жобаның жетекшісі. Сонымен бірге бірнеше халықаралық және отандық гранттық жобаларды орындады.


Scopus базасына енетін ES Food & Agroforestry (97%) журналының көмекші редак-

2016 жылы ҚазҰУ-дың «Үздік жас ғалымы» дипломының, 2016, 2024 жылдардағы дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері болды.



Базаргүл МӘТКЕРІМ. 1984 жылы Қытайда дүниеге келген. 2002-07 жылдары ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде «Информатика» мамандығы бойынша білім алды. 2007-09 жылдары «Информатика» мамандығы бойынша магистратурада оқыды, 2015 жылы компьютерлік ғылымдар бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін қорғады.

Қазір ол доцент-зерттеуші,



Манат МҰСТАФА. 1980 жылы Қытайда дүниеге келген. 2003-13 жылдары ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің «Математика» мамандығы бойынша бакалавр, магистр және PhD докторантураны оқып бітіріп, «Біртекті монотонды емес есептеушіліктер» тақырыбында математика ғылымының PhD докторы дәрежесін қорғады. Сол жылы Сингапурдың Наньянг технологиялық университетінің шақыруымен екі жыл постдокторантура бағытында ғылыми-зерттеу жүргізді және студенттерге дәріс оқыды.

2014 жылдан бері ол Назарбаев университетінде математикалық логика бойынша зерттеумен шұғылданады және студенттерге лекция оқыды, магистрант, докторанттарға жетекшілік жасайды. Қауымдас-тырылған профессор. «Есептеушілік модельдер теориясы» сияқты бірнеше бәсекелес ғылыми жобалардың жетекшісі және орындаушысы болды. Оның 42 мақаласы Algebra and Logic, Mathematical Logic Quarterly, Annals of Pure and Applied Logic, Journal of Algebra, Arch. Math. Logic және Synthese сияқты халықаралық беделді журналдарда жарияланды.

М.Мұстафа Италия, Испания, Германия, Ұлыбритания, Жапония, Корея, Финляндия, Болгария, Ресей, АҚШ және Қытайдың жетекші университеттеріне шақырумен барып дәріс оқып, тәжірибе алмасты.



Міне, бұл ғалымдар – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан білім алып қанаттанып ғылымның көгіне самғаған, елімізде және әлемде кең танылған қандас ғалымдар. Бұлар сияқты Қазақ ұлттық университетінен білім алып, үлкен жетістіктерге қол жеткізген, еліне сүбелі үлес қосқан қандас мамандар жетерлік. Алайда газет көлемінің шекті екенін ескеріп, оларды қысқартуға мәжбүр болдық. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті таланты жастарға қанат бітіретін білім мен ғылымның алтын ордасы.

Нәбижан МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ,
т.ғ.д., Қытайтану кафедрасының профессоры

Дәстүрлі көрісу күнінің заманауи маңызы



Елімізде әрбір мереке өз тарихы мен мәніне ие. Солардың бірі – 14 наурызда аталып өтілетін көрісу күні. Бұл күн – ұлттық дәстүріміз бен рухани құндылықтарымызды сақтаудың бір көрінісі. Көрісу күні адамдар арасындағы өкпе мен ренішті кешіруге, жақын-жұрағат, ағайын-туыс, достармен қарым-қатынасты нығайтуға арналған.

Бұл мереке әсіресе Наурыз мерекесімен тығыз байланысты. Наурыз – табиғаттың жаңаруын, өмірдің қайта өрлеуін білдіретін мереке болса, Көрісу күні адамдар арасындағы сыйластық пен татулықты жаңартуға бағытталған. Көрісу күнін тойлау арқылы халық өзара сенім мен мейірімділікті арттырады, жаңа жылдық бастамаларды таза жүреппен бастап, ренішсіз өмір сүруді көздейді.

Көрісу күнінің тарихы тереңде жатыр. Ежелгі қазақ қоғамында адамдар арасындағы реніш, қақтығыс, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу маңызды саналатын. Ата-бабаларымыз бұл күнді арнайы белгілеп, бір-бірінен кешірім сұрап, ренішті ұмытуды дәстүрге айналдырған.

Дәстүр бойынша, көрісу – сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де жүзеге асатын. Адамдар бір-біріне сыйлық жасайды, дастархан жаяды, қонаққа барады, қарттарға құрмет көрсетеді. Ертеректе бұл күн наурыздың бірінші аптасының соңғы жексенбісіне сәйкес келетін, кейіннен нақты күн ретінде 14 наурыз белгіленген.

Көрісу күнінің мәні – рухани тазалық пен қоғамдағы бірлік. Өйткені нағыз мереке тек сыртқы көрініспен шектелмейді, ол адамның ішкі жан дүниесін де дамытады. Көрісу күні – бұл адамдар арасындағы сенім мен сыйластықты нығайтуға арналған ерекше күн.

Көрісу күніне арналған дәстүрлер әр өңірде әртүрлі болып келеді, бірақ олардың бәрінде бір ортақ мақсат бар: ренішті кешіріп, қарым-қатынасты жаңарту.

1. Кешірім сұрау – осы күннің ең басты дәстүрі. Адамдар бір-біріне ренішін білдіріп, кешірім сұрайды. «Көрісіп, кішкене ренішті ұмытайық» деген сөздермен адамдар арасындағы қарым-қатынас қайта қалыпқа келтіріледі.

2. Қонаққа бару және дастархан жаю – ағайын-туыс пен достар бір-бірін үйлеріне қонаққа шақырады. Дастарханға ұлттық тағамдар қойылады: бауырсақ, қымыз, ет тағамдары, ұлттық тәттілер. Бұл дастархан мерекелік сыйластықтың символы.

3. Қарттарға құрмет көрсету – балалар мен жастар қарттарға барып, сыйлық береді, ізгі тілектерін айтады. Бұл дәстүрде жас ұрпаққа құрмет, тағылым мен тәрбиелік мән беріледі.

4. Жастардың ойындары мен мәдени шаралар – кейбір өңірлерде бұл

күнге арнайы мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады: концерт, театр қойылымдары, спорттық жарыстар, флешмоб. Бұл дәстүр жастарды біріктіреді, мерекелік көңіл күйді арттырады.

Көрісу күнінің заманауи тұрғыдағы ерекшелігі – әлеуметтік желі арқылы да көрісу дәстүрін жалғастыру. Адамдар бір-біріне смс, мессенджерлер арқылы кешірім сұрап, ізгі тілектерін жолдайды.

Көрісу күні тек жеке адамдарға ғана емес, қоғамға да үлкен пайда әкеледі. Біріншіден, бұл күн қоғамдағы татулық пен бейбітшілікті нығайтады. Реніш, өкпе мен келіспеушіліктерді кешіру арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынас жақсарады.

Екіншіден, көрісу күні отбасылық байланысты күшейтеді. Ата-аналар мен балалар, бауырлар мен дос-жарандар арасындағы сыйластық қайта қалпына келеді. Ұлттық дәстүрді сақтап, оның заманауи тұрғыдағы мәнін түсіну арқылы қоғамның мәдени дамуы артады.

Үшіншіден, бұл мереке жастарға жақсы моральдық үлгі береді. Олар кешірімді болуды, сыйластықты, адамдар арасындағы мейірімді қарым-қатынасты үйренеді. Сонымен қатар мереке адамға рухани тыныштық сыйлайды: ренішсіз жүрек, таза ой мен сезіммен өмір сүруге мүмкіндік береді.

Көрісу күні – біздің ұлттық мәдениетіміздің маңызды бөлшегі. Бұл мереке адамдар арасындағы татулықты, сыйластықты, мейірімділікті арттырады. Ежелгі дәстүрлермен сабақтасып, заманауи өмірге бейімделген бұл күн әрбір адамға кешірім сұрау, ренішті ұмытпау және жақсылық жасау мүмкіндігін береді.

Бүгінгі таңда Көрісу күнін тойлау тек қазақ қоғамында ғана емес, шетелдегі қандастарымыздың арасында да кеңінен танымал болып келеді. Әрбір адам осы күні жақындарына барып, ренішін кешіріп, жүрегінен тазалайды. Міне, осы қасиеті арқылы Көрісу күні – тек мереке емес, адамгершілік пен руханият мерекесі болып саналады.

Шынар МАҚСҰТОВА,
Ақпараттық жүйелер
кафедрасының аға оқытушысы

Бекарыс СӘРСЕНБЕКҰЛЫ,
PhD

Әзірбайжандық зерттеуші әрі жастар көшбасшысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының докторанты Әлнур Арифзаде Әзірбайжан Республикасының Жастар және спорт министрлігі тағайындаған беделді «Жылдың үздік жастары» атағына ие болды. Бұл марапат жастар саясатын жүзеге асыруға белсенді үлес қосып, көшбасшылық, әлеуметтік және халықаралық белсенділік арқылы ерекшеленетін жас тұлғаларға беріледі.

«Жылдың үздік жастары» сыйлығына ие болды



«Жылдың үздік жастары» сыйлығы қоғамның тұрақты даму жолындағы жастардың маңызды рөлін атауға және инновацияны, жауапкершілік пен қоғамдық ықпалды біріктіретін үлгілі бастамаларды насихаттайды. Әлнур Арифзаденің биік межеден көрінуі оның ТДМ төңірегіндегі ғылыми зерттеулеріне, халықаралық академиялық тәжірибесіне, ұлттық және жаһандық деңгейдегі жастар жұмысына тұрақты қатысуына берілген жоғары баға.

Сыйлықты тапсыру рәсіміне мемлекеттік мекемелердің, жастар ұйымдарының және академиялық қауымдастықтың өкілдері қатысты. Іс-шара барысында марапатты Әзірбайжан Республикасының жастар және спорт министрі Фарид Гайибов ресми түрде табыс етті. Ол елдің ұзақ мерзімді даму басымдықтарына үлес қосатын жас ғалымдар мен көшбасшыларды қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

Әлнур Арифзаде қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасында экология саласындағы докторлық зерттеуін жалғастыруда. Оның зерттеулеріне мен, Ерлан Досжанов, академиялық жетекшілік етемін, ал Гонконг қалалық университетінен келген Джин Шан оның шетелдік жетекшісі. Бұл халықаралық академиялық ынтымақтастық түрлі ғылыми тәсілдерді біріктіруге мүмкіндік береді. Сөйтіп, тұрақты даму және қоршаған орта ғылымы саласындағы жаһандық зерттеуді ілгерілетуге ықпал етеді.

Әлнур Арифзаденің академиялық және қоғамдық қызметі Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарымен тығыз байланысты. Атап айтқанда ол бейресми білім беруді дамытуға баса назар аудара отырып, ТДМ-ның 4-бағыты – сапалы білім беруді ілгерілетуге белсенді қатысты. Ол Әзірбайжанда тренерлерге арналған кәсіби құзыреттілікті арттыруға, инклюзивті оқу ортасын ілгерілетуге және жастар үшін тұрақты білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған «Бейресми емес

білім беру бойынша тренерге арналған нұсқаулықтың» бірлескен авторы.

Әлнур білім беруді дамыту және жастардың құқығы мен мүмкіндігін ауқымдандыру бойынша халықаралық пікірталастарға, соның ішінде Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясында және Бельгиядағы Еуропалық Парламентте ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысты. Осы платформалар арқылы ол білім берудің болашағын қалыптастыруда жастардың рөлін нығайту бойынша жаһандық диалогқа үлес қосты.

Сонымен қатар ол Тұрақты даму мақсатының «Климаттың өзгеруімен күрес» 13-тармағын ерекше қолдайды. Осыған байланысты Әлнур Арифзаде климаттың өзгеруі және биоәртүрлілік бойынша халықаралық жастар конференцияларына, атап айтқанда Жапонияда өткен ірі форумға қатысып, жаһандық экологиялық мәселелер мен халықаралық ғылыми ынтымақтастық туралы талқылауларға белсенді түрде араласты.

Халықаралық климатқа қатысты қызметінен басқа, Әлнур Арифзаденің жаһандық климаттық диалогқа қосқан еңбегі ұлттық деңгейде де мойындалды. Әзірбайжан технологиялық университетінің докторанты ретінде ол 2024 жылдың 11-22 қарашасы аралығында Бакуде өткен БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздеделік конвенциясының (COP29) тараптары конференциясының 29-шы сессиясына белсенді қатысқаны үшін Әзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевтің алғыс хатына ие болды. Бұл марапат оның климаттық әрекеттерге, қоршаған ортаның тұрақтылығына және жастардың жаһандық климаттық процестерге қатысуын өркендетуге қосқан үлесін көрсетеді.

Ерлан ДОСЖАНОВ,
PhD, Тұрақты даму бойынша
ЮНЕСКО кафедрасының доценті

Сәуле ҚАЛДЫБАЕВА,
PhD, кафедра меңгерушісінің
орынбасары

Көкпар – көне түркі халықтарының

тарихи мұрасы



Көкпар – тек қазақ халқының ойыны ғана емес, көне түркі халықтарының тарихынан бастау алатын қазіргі мемлекеттер мен ұлттардың ортақ мәдени-тарихи мұрасы. Ойынның атауы әр елде түрлі болып келеді: «көкпар», «көк бөрү», «улак-таргыш», «улак-купкари», «бузкаши». Қазіргі таңда көкпар ойыны Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркия, Қытай, Ресей, Моңғолия және Мажарстан аумақтарында таралған.

Ал қырғыз этнографиялық материалдарында «көк бөрү» атауы «көк қасқыр» ұғымымен сипатталады. Кейбір түсіндірулер бойынша, ертеде қасқыр аулаудың ерекше түрі болған. Аттылар қасқырды қуып жетіп, аулағаннан кейін оны ерт-оқымға салып, өзара тартысқа түсетін болған. Бұл нұсқа ойынның шығуын аңшылық тәжірибеге сәйкестендіреді (Организационный комитет III Всемирных игр кочевников, 2018).

Сонымен қатар бұл түсіндіруге қатысты күмәнді пікірлер де бар. Кейбір зерттеушілер жылқының қасқырдан табиғи түрде үркетінін ескере отырып, мұндай тәжірибенің кең таралған дәстүр болғанына күмән келтіреді. Сондықтан «көк бөрү» атауының қасқырмен тікелей байланысы тарихи факті ретінде емес, этнографиялық түсіндіру нұсқаларының бірі ретінде қарастырылады.

Тағы бір зерттеулерде көне замандарда ерекше, элиттік аттылардан құралған арнайы отрядтардың болғаны айтылады. Мысалы, «бұрынғы атабабаларымыз майдан шебінде қалған жаралыны немесе туысын шапқан атын тоқтатастан жерден іліп әкету үшін осы әдістелді қолданса керек». Бұл тәжірибе көне түркі әскери дәстүрінде де кездеседі «жауынгердің денесін әкеткен адам оның мүлігіне иелік ететін» (М.Туркмен, 2023).

Қырғыз эпосында Манас сюжетіне сәйкес, Манас ханның әйелі Каныкей-Хатун бір түні керемет түс көреді. Таңертең ол түркі елге айтып береді және олар Каныкей-Хатунға былай дейді: «Kök sal töböť böğü», яғни бұл бала «көкманед – сұмдық қасқырға» ұқсас болады деген ой білдіреді (М.Туркмен, 2023). Қасқырға аңға шығудан гөрі, бөріге салыстыру теориясы логикаға сай келеді.

Эпостарда көкпарды тек ойын ретінде емес, сонымен бірге әскери символика ретінде қарастырған. Халықты жаулап алу, шайқас пен жеңіс метафорасы ретінде көрсетілген. Яғни ойындағы жеңіс – тікелей соғыс жеңісінің бейнесі болып есептелген.

Ойында қолданылатын жануарға қарай лақ тартыс, бұзау тартыс атаулары да кездеседі.

Көкпар ойыны жалпы ерекше жағдайларда өткізілген. Мысалы, ҚР Ұлттық спорт қауымдастығы жинағында (2018) көкпардың этнографиясы мен тарихына қатысты мынаны айтқан: «Көкпардың байырғы дәстүрлі ойын нұсқасында көкпарды ойыншы өз

аулына немесе өз ошағына әкеліп тастайтын болған». Яғни бұл жерде сойылған ұсақ малдың отбасына олжа ретінде құны болған. Кей кездері ойын аяқталған соң, қолданылған серкенің еті беделді адамдардың, кейде мұқтаждардың үйлеріне апарылған (2018). Бұдан қазақтың кез келген дәстүр ойындарының астарында терең мағынаның жатқанын байқауға болады. Кейін бұл үйде сол көкпаршыларға арнайы ас берілетін. Қазіргі уақытта да көптеген қазақ ауылдарында бұл тәртіп сақталып келеді.

О.Қаратаев (2022) болса өз жұмысында ешкі сойылуын салттық әрекет ретінде қарастырып, адамдардың әлемдегі хаос пен қараңғылықтан құтылуына бағытталған деп сипаттайды. Бұл түсінік діни ұстанымдарға жақын болып келеді. Ислам дінінде қан ағызу кезінде теріс энергия немесе негативті факторлардың кететініне сенім бар.

Ойында қақпа болып есептелетін салым бойынша да бірнеше атаулар кездеседі. Мысалы: тайқазан, қазық, себет, сызылған шеңбер. Бұл, бір жағынан, көкпар ойынының қауіпсіздік тарапынан эволюциядан өткен себебінен.

Жалпы, көкпар ойыны ежелден түркі халықтарында ойналып келе жатқан дәстүрлі ат үсті ойындардың бірі болып саналады. Бұл ойын тек ойындық мәнге ғана ие емес, сонымен қатар халықтың назарын аудару, батырлықты көрсету, әскери машықты шыңдау сияқты әлеуметтік және әскери функцияларды да атқарған. Осы тұрғыда оны гладиаторлық ойындармен салыстыруға болады, себебі онда да қатысушылардың шеберлігі, батылдығы мен физикалық күшін көрсетуге мүмкіндік берілген. Осылайша ойынның этимологиясы мен атаулары әртүрлі этнографиялық және мәдени контекстерде қалыптасқан, әр елде шығу тарихына қатысты әртүрлі пікір бар.

Қазіргі таңда ойынның ортақ атауының болмауы халықаралық деңгейде өзінше спорт түрі ретінде дамуына кедергі жасап отыр. Жоғарыда келтірілген деректер мен түрлі елдердегі атауларды ескере отырып, «бөрілер тартысы» деген атау барлық дәстүрлі нұсқаларды біріктіретін бейтарап, функционалды термин ретінде ұсынылуы мүмкін деген ой бар.

Бейбіт ӨСТЕМІРОВ,
Дене шынықтыру және спорт кафедрасының 2-курс докторанты

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жас ұрпақтың рухани ой-өрісін байыту – бүгінгі күннің басты мәселесі. Осы мақсатта Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінде мазмұны терең, тәрбиелік мәні зор «Алтыбақан» ұлттық ойын-сауық, ән кеші жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

«Алтыбақан» – ұлттық рухты жаңғыртқан кеш



Аталған мәдени шара университет қабырғасында ерекше рухани атмосфера қалыптастырып, көрермен қауымға ұлттық өнердің көркем үлгілерін кеңінен танытты. Кеш Ө.Жолдасбеков атындағы залда өтіп, қатысушылар мен көрермендерге ұмытылмас әсер сыйлады. Шара барысында дәстүрлі қазақ өнері сахна төрінде жаңаша сипат алып, жастардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыра түсті.

«Алтыбақан» кешінің негізгі мақсаты қазақ халқының бай мәдени мұрасын, салт-дәстүрі мен ұлттық өнерін жастар арасында кеңінен насихаттау, ұлттық құндылықтарға деген құрметті қалыптастыру болды. Кеш аясында ұлттық киім киген өнерпаздар халық өндерін орындап, қойылымдар қойып, көрермендерді қазақы болмыстың әсем әлеміне жетеледі. Ән мен әуен арқылы халқымыздың тұрмыс-салты айқын көрініс тапты.

Шара барысында ұлттық ойын-сауық дәстүрлері сахналық қойылымдар арқылы жаңғыртылып, олардың тәрбиелік мәні кеңінен ашылды. Әсіресе «Алтыбақан» ойынының шығу тарихы мен мәдени маңызы таныстырылып, жастарға оның мәні мен мазмұны жан-жақты түсіндірілді. Бұл көріністер көрермендердің ерекше ықыласына бөленіп, ұлттық ойындардың қазіргі заман жастары үшін де маңызды екенін дәлелдеді.

Кештің мазмұны тек ойын-сауықпен шектелмей, жастардың талғамын қалыптастыруға, шығармашылық қабілетін да-



мытуға бағытталды. Ұлттық ән-күй, сахналық көріністер мен көркем қойылымдар арқылы студенттердің өнерге деген сүйіспеншілігі арта түсті.

Мәдени шараға студенттермен бірге оқытушылар да қатысып, ұлттық өнердің тәрбиелік маңызын ерекше атап өтті. Көрермендер орындаушылардың шынайы өнеріне қол соғып, кештен рухани әсер алғанын жасырмады. «Алтыбақан» кеші жастарды бірлікке, ұлттық болмысқа, мәдениетке құрметпен қарауға үндейтін тағылымды жиын ретінде жоғары бағаланды.

Осындай мазмұнды мәдени іс-шаралар университет өмірін мәнді етіп қана қоймай, студенттердің рухани дамуына, шығармашылық әлеуетін арттыруға зор ықпал етеді. Ұлттық өнерді насихаттауға бағытталған бұл кеш көпшіліктің көңілінен шығып, жастар жадында сақталар рухани басқосу ретінде бағаланды.

Тиыштық ХАКИМОВА,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасының доценті

Назгүл ЗАКАРИЯНОВА,
аға оқытушы



Призёры

Зимнего университета СПбПУ



Студенты Ахметшариф Сати, Дускалиев Данеш, Кулькин Николай кафедры математического и компьютерного моделирования механико-математического факультета КазНУ имени аль-Фараби приняли участие в программе «Зимний университет по инженерным наукам», прошедшей с 24 ноября по 7 декабря в Санкт-Петербургском политехническом университете Петра Великого. Образовательная программа была организована на базе Передовой инженерной школы СПбПУ «Цифровой инжиниринг» и объединила студентов из разных стран. Участникам было предложено несколько образовательных треков — «Инженер», «Технолог» и «Инноватор», каждый из которых включал лекции, мастер-классы и проектную работу. Студенты КазНУ выбрали инженерное направление, наиболее близкое их специальности — «Математическое и компьютерное моделирование».

Программа началась с торжественного открытия и лекций ведущих ученых и специалистов в области цифрового инжиниринга и инженерного образования. В течение двух недель участники изучали современные подходы к инжинирингу в высокотехнологичных отраслях, аэродинамику авиационных конструкций, основы

промышленного дизайна, тренды в сфере беспилотных авиационных систем, а также осваивали программные инструменты инженерного моделирования и топологической оптимизации. Особое внимание уделялось развитию проектного мышления и личных профессиональных навыков.

Занятия проходили как в

научно-исследовательских корпусах СПбПУ, так и в инжиниринговом центре в Кронштадте, где студенты смогли познакомиться с реальным производственным оборудованием и практическими аспектами инженерной деятельности. Помимо учебных занятий, была организована насыщенная культурная программа, включавшая экскурсии по Санкт-Петербургу, посещение музеев и исторических пригородов.

Ярким итогом участия студентов КазНУ стало успешное выступление Ахметшарифа Сати, который занял третье место в интеллектуальном квизе по искусственному интеллекту «AI & Beyond». Конкурс проводился среди участников Зимнего университета и был посвящён современным задачам ИИ, цифрового производства и инженерных решений. По словам студента, участие в программе позволило на практике увидеть, как методы математического моделирования, цифровые двойники и нейросетевые технологии применяются в реальных промышленных проектах.

Участие в Зимнем университете СПбПУ стало для студентов КазНУ важным этапом профессионального развития, расширения кругозора и укрепления международных академических связей. Полученный опыт, знания и контакты, по мнению участников, послужат основой для дальнейшего обучения, научных исследований и участия в совместных проектах.

Сауле МАУСУМБЕКОВА,
ассоц. профессор,
заведующий кафедры
Математическое и
компьютерное
моделирование

Преподаватели кафедры иностранного языка КазНУ им. аль-Фараби интегрируют при СРО (самостоятельная работа обучающегося) и СРОП (самостоятельная работа обучающегося под руководством преподавателя) инструменты искусственного интеллекта в учебные программы, формируя цифровую и коммуникативную компетенции студентов.

ИИ как стратегическое преимущество в преподавании языка

В условиях стремительной цифровой трансформации образование перестает быть исключительно передачей знаний — оно становится пространством для развития навыков XXI века. Одним из ключевых факторов этого перехода является искусственный интеллект (ИИ), который сегодня играет важную роль в преподавании иностранных языков, в частности английского.

Использование инструментов ИИ в преподавании английского языка — это уже не эксперимент, а объективная необходимость, продиктованная требованиями времени. Образовательные программы, ориентированные на практико-ориентированное и персонализированное обучение, все чаще включают ИИ как обязательный компонент учебного процесса.

ИИ позволяет:

- персонализировать обучение с учетом уровня, темпа и целей каждого студента;
- развивать все виды речевой деятельности (говорение, аудирование, чтение, письмо);
- моделировать реальные коммуникативные ситуации;
- обеспечивать мгновенную обратную связь и аналитику прогресса;
- повышать мотивацию обучающихся за счет интерактивности и вовлеченности.

Таким образом, ИИ становится интеллектуальным помощником преподавателя, усиливая, а не заменяя его профессиональную роль.

В языковом образовании ИИ-инструменты открывают принципиально новые возможности:

- Развитие коммуникативной компетенции: чат-боты и симуляторы диалогов позволяют студентам практиковать живую речь в безопасной среде без страха ошибки.
- Академическое письмо: ИИ помогает анализировать структуру текстов, лексику и стиль, формируя навыки аргументации и критического мышления.
- Произношение и аудирование: интеллектуальные системы распознавания речи дают точечную обратную связь по фонетике.
- Автономность обучающихся: студенты учатся самостоятельно планировать обучение, анализировать ошибки и корректировать стратегии.

Важно подчеркнуть, что эффективное использование ИИ требует методически грамотной интеграции в учебную



программу, а не спонтанного применения отдельных цифровых инструментов.

Осознавая актуальность цифровых трансформаций, преподаватели кафедры иностранного языка при СРО и СРОП целенаправленно интегрируют элементы искусственного интеллекта в содержание учебных дисциплин. В рамках занятий студенты не только используют ИИ-инструменты для развития языковых навыков, но и осмысливают их роль в образовании и будущей профессиональной деятельности.

В учебный процесс включаются актуальные и социально значимые темы, такие как:

- «Как ИИ может помочь студентам в обучении?»;
- «Применение ИИ в моей профессиональной сфере»;
- роль ИИ в развитии академической и профессиональной коммуникации;
- этические аспекты использования искусственного интеллекта в образовании.

Работа над подобными темами способствует развитию критического мышления, цифровой грамотности и умения аргументированно выражать собственную позицию на английском языке. Искусственный интеллект в преподавании английского языка является важным ресурсом повышения качества образования и подготовки конкурентоспособных специалистов. Опыт преподавателей кафедры иностранного языка КазНУ при СРО и СРОП демонстрирует, что системное и осознанное внедрение ИИ в образовательный процесс отвечает запросам времени и стратегическим целям университета.

Актуализация темы искусственного интеллекта в учебных программах способствует формированию поколения выпускников, готовых к профессиональной деятельности в условиях цифровой экономики и глобального академического пространства.

Салтанат АБДИНАЗАРОВА,
Лаура АЛИЯРОВА,
старшие преподаватели
кафедры иностранного языка

Новые горизонты

юридического образования



Студентка 2 курса 209 группы юридического факультета Байгожина Дария в прошлом году приняла участие в программе академической мобильности и была направлена на обучение в один из ведущих университетов Европы - Университет Адама Мицкевича в городе Познань (Польша).

Для участия в программе обмена Дария была рекомендована кафедрой гражданского права, гражданского процесса и трудового права как студентка, обладающая выдающимися способностями, высокой академической успеваемостью и значительным научно-образовательным потенциалом. Обучение за рубежом проходило в течение одного семестра - с февраля по июль 2025 года.

Во время обучения в Университете Адама Мицкевича

студентка освоила ряд профильных дисциплин, получила системные и углубленные знания в области законодательства Европейского союза и национальной законодательства Польши, ознакомилась с европейскими моделями правового регулирования в сфере гражданского и трудового права. Кроме того, она расширила свои знания в области международного и сравнительного права, а также приобрела ценный опыт обучения в международной академической сре-

де. Учебный процесс был организован на высоком уровне и сочетал современные образовательные подходы, интерактивные методы преподавания и практико-ориентированное обучение.

Помимо академической составляющей, участие в программе академической мобильности позволило Дарии расширить кругозор, познакомиться с культурой и образовательными традициями европейских стран, а также посетить ряд городов Европы. Этот опыт способствовал развитию межкультурной коммуникации, самостоятельности и формированию профессионального мировоззрения будущего юриста.

По завершении обучения Байгожина Дария успешно вернулась в родной университет с новым багажом знаний, навыков и впечатлений, которые, безусловно, будут способствовать ее дальнейшему профессиональному и личностному развитию. Участие студентов в программах академической мобильности является важным шагом на пути интеграции национального образования в международное образовательное пространство и подготовки конкурентоспособных, востребованных специалистов.

Гульмира НУРАХМЕТОВА,
к.ю.н., и.о. профессора
звездизер 209 группы

«Құлагер» – халықтың рухани тамыры



ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің студенттері мәдени-рухани құндылықтарды дәріптеу, ұлттық өнерге деген қызығушылықты арттыру мақсатында **Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына арнайы барып, қазақ өнерінің жауһары саналатын «Құлагер» қойылымын тамашалады.**

Аталған спектакль – қазақ халқының рухани болмысын, тарихи жады мен ұлттық мінезін терең бейнелейтін көркем туынды. «Құлагер» қойылымы арқылы көрермен халқымыздың еркіндікке деген ұмтылысын, адалдық пен қайсарлыққа негізделген өмірлік ұстанымдарын айқын сезіне алады. Бұл шығарма қазақты қазақ ететін асыл қасиеттерді көркем тілмен жеткізетін бірегей сахналық



дүние ретінде жоғары бағаланады.

Қойылымдағы Құлагер бейнесі – еркіндіктің, намыстың, рух тазалығының

символы. Ол халықтың ішкі жан дүниесін, рухани беріктігін және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени құндылықтарын айшықтайды. Осы образ арқылы көрермен қазақ халқының мұңын да, қуанышын да, ұлттық бірлігін де терең сезінеді.

Спектакль барысында актерлердің шынайы ойыны мен режиссерлік шеберлік ұлттық өнер мен заманауи театр элементтерін үйлестіре отырып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Сахналық шешімдер мен көркемдік тәсілдер қойылымның мазмұнын тереңдетіп, көрерменнің жүрегіне жол тапты.

«Құлагер» – тек сахналық шығарма ғана емес, ол халықтың рухани тамыры мен мәңгілік құндылықтарын дәріптейтін символдық туынды. Қойылым көрерменді ұлттық рухпен нәрлендіріп, мәдени мұраның маңыздылығын терең ұғынуға жетеледі. Осындай тағылымды қойылымдарды тамашалау жастардың рухани дамуына ықпал етіп, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелейді.

Осы тұрғыдан алғанда, «Құлагер» қойылымы қазақ театры мен ұлттық мәдениеттің асыл қазынасы екенін тағы бір мәрте дәлелдей түсті.

Айман БЕКЕТОВА,
Киберқауіпсіздік және криптология кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға оқытушы

ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде Алматы қаласындағы Иран Ислам Республикасының Бас консулдығы мен Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы ирантану бөлімінің ұйымдастыруымен Иранның танымал «Дарваг» музыкалық ұжымының концерті өтті.

Ирандық «Дарваг» музыкалық ұжымы өнер көрсетті



Бұл ұжым – Иранның дәстүрлі музыкасын сақтай отырып, оны заманауи музыкамен үндестіріп жүрген кәсіби музыкалық топ. Музыкалық топтың өнерімен Таяу Шығыс елдері көрермендері таныс. Олар ойнаған аспаптардың кейбірі ЮНЕСКО тізіміне енген ирандық материалдық мұралар қатарына жатады. Олардың арасында сантур, каманче аспаптары туралы ұлы бабамыз әл-Фараби өзінің «Музыка туралы» трактатында жазып кеткен. Каманче туралы ең көне мәлімет осы еңбекте келтірілген. Ғалым оны араб тілінде «рубаб» деп жазған. Каманче аспабы 2017 жылы ЮНЕСКО-ның материалдық мұралар тізіміне енген. Ал сантур аспабын кейбір

ирандық зерттеушілер әл-Фараби жасаған деп санайды.

«Дарваг» тобының осындай көне аспаптарының үні Әл-Фараби университетінің қабырғасын әуезді сазға толтырды. Бұл мәдени шара қазақ зиялылары мен студент жастарын Иранның көнеден келе жатқан ұлттық музыкасымен жақыннан таныстырып, халықтар арасындағы терең мәдени байланыстарды паш етті. Ұлы бабамыз әл-Фараби жасаған музыкалық аспаптың үні қазақ сахнасында шарықтады.

Айман БОРАНБАЕВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы

ORHUN академиялық ұтқырлық бағдарламасы – түркі мемлекеттері арасындағы жоғары білім беру кеңістігін интеграциялауға, ғылыми-білім беру саласындағы ынтымақтастықты жүйелі түрде дамытуға бағытталған стратегиялық маңызы зор халықаралық бастама.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – студенттердің академиялық тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, сондай-ақ ортақ тарихи-мәдени мұраны терең әрі кешенді зерделеуіне жағдай жасау.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің 4-курс студенті Дарын Жахангер ORHUN академиялық бағдарламасы аясында Түркия Республикасының Измир қаласында орна-

ORHUN бағдарламасы аясындағы академиялық ұтқырлық

ласқан Еге университетінде бір семестрлік оқуын сәтті аяқтады. Студенттің ғылыми-академиялық бағыты тарих мамандығы болғандықтан, Түркия Республикасындағы оқу үдерісі оның кәсіби даярлығын тереңдетуге және теориялық білімін тәжірибелік тұрғыдан толықтыруға елеулі ықпал етті.

Тарих мамандығы бойынша білім алушы үшін Түркия тек ғылыми орта ғана емес, сонымен қатар тарихи жады мен мәдени сабақтастықтың нақты кеңістігі болып саналады. Архивтік материалдармен жұмыс істеу мүмкіндігі, тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды тікелей тану тәжірибесі білім мазмұнын эмпирикалық деңгейде бекітуге жағдай жа-



сады. Бұл өз кезегінде студенттің дербес зерттеу жүргізу дағдыларын жетілдіріп, сыни талдау қабілетін қалыптастыруға ықпал етті.

ORHUN бағдарламасы сту-

денттің академиялық білімін тереңдетумен қатар, оның мәдениетаралық коммуникация дағдыларын, тарихи санасын және зерттеушілік әлеуетін дамытуға да бағытталған. Түр-

киядағы білім алу үдерісі барысында студент көпмәдениетті ортада білім алып, салыстырмалы тарихи ойлау жүйесін қалыптастырып, түркі әлемінің ортақ өркениеттік негіздерін кешенді тұрғыдан зерделеу мүмкіндігіне ие болды.

Қорытындылай келе, ORHUN академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуына елеулі үлес қосатын тиімді білім беру алаңы саналады. Бұл бағдарлама алдағы уақытта да екі ел арасындағы ғылыми-білім беру байланысын нығайта түсетіні сөзсіз.

Гүлзинат ИСАБЕКҚЫЗЫ,
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

Тапсырыс №645

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.